

## **Жаңақорған аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 116 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 14 желтоқсанда № 25771 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Жаңақорған аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің қосымшаға сәйкес Жаңақорған аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жаңақорған ауданы мәслихаты хатшысының уақытша міндетін атқарушы* *М. Балкожаев*

Жаңақорған аудандық мәслихатының  
2021 жылғы 29 қарашадағы  
№ 116 шешіміне қосымша

## **Жаңақорған аудандық мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. Жаңақорған аудандық мәслихатының "Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 16 қарашадағы № 05-16/167 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 6053 нөмірімен тіркелген, 2017 жылдың 13 желтоқсанында Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің Эталондық бақылау банкінде жарияланған);

2. Жаңақорған аудандық мәслихатының "Жаңақорған ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 335 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 6778 нөмірімен тіркелген, 2019 жылдың 8 мамырда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің Эталондық бақылау банкінде жарияланған);

3. Жаңақорған аудандық мәслихатының "Жаңақорған ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеуге арналған тарифтерді бекіту туралы" 2019 жылғы 29 қарашадағы № 381 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде 7004 нөмірімен тіркелген, 2019 жылдың 5 желтоқсанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің Эталондық бақылау банкінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ